

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ

ӘОЖ 004

Ж.С.Қажиақпарова

«Еуразия» академиясы, Орал

Қазіргі заманғы жоғарғы білімнің тиімділігін арттыруға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі мүмкіндіктері, құрамды бөліктері және білім беруде жергілікті және жаһандық компьютерлік желілердегі ақпараттық кеңістіктің өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға арналған телекоммуникация құралдарын қолдану туралы айтылған. Қазіргі таңда білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі бағыттары маңызды мәселе болып есептеледі. Ақпараттық технологияларды қолдану және олардың дидактикалық мүмкіншіліктерін жүзеге асыру жаңа оқу әрекеті түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан білімді ақпараттандыру жағдайында әр болашақ маман ақпараттық-коммуникациялық технологиялар шеңберінде білімдерін жетілдіруі тиіс.

Кілтті сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттық кеңістік, ақпараттандыру, болашақ маман, ақпараттық мәдениетті дамыту, электронды материалдар, интерактивті такта, электронды оқулық, жаңа ақпараттық технология, мультимедиялық технологиялар.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі — білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіл әлемдік коммуникация желісіне шығу. Қазіргі таңда ақпараттандыру үрдісі адамзат өркениетінің дамуының жаппай және қайталанбайтын кезеңі ретінде қарастырылуда. Оқытудың ақпараттық технологиясы — бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио- және бейнеқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) және білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік — жалпы білім беру мақсатындағы басты басымдықтардың бірі. Өмірдің өңі өзгеріп, ақпараттық іс-әрекеттің рөлі артады, соның ішінде адам ақпаратты өз бетімен белсенді түрде өңдеп, технологиялық құралдардың көмегімен күтпеген жағдайлардан оңтайлы шешім табуға тырысады.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері — жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Ақпараттық мәдениетті дамыту дегеніміз — өз қызметтерін жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану; жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық программалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану. Оқытушы — ақпараттанушы емес, студенттің жеке тұлғалық және интел-лектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл оқытушыдан жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық

кабілеттілікті, студенттерді қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Ақпараттық мәдениетті сауатты адам ақпараттың қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуі керек.

Ақпараттық мәдениетті дамыту қазіргі педагогтың ақпараттық құзырлығына қойылатын талаптарына сай анықталады:

1. Қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру (бүкіл әлемдік ақпараттық ресурстарға бағдарлау, ақпараттарды іздеу алгоритмі мен ақпараттарды талдау синтетикалық тұрғыдан өңдеу әдістерін меңгерту).

2. Ақпараттық (дербес жағдайда, компьютерлік) сауаттылық: оқу-әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін меңгерту; қолданбалы бағдарламалық құралдарды меңгерту; жаңа бағдарламалық құралдарды меңгерту.

3. Өз қызметтерінде жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру үдерісінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану.

Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) пайдалану пайдалылығының критерийі келесідей: компьютерлік технология осы технологияны қолданбаған жағдайда алынбайтын оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін тиімді. Ол оқу нәтижелеріне дағдыларды әдеттенгенше машықтандыру, студенттердің қызығушылықтарын, ой белсенділігін және жұмысқа қабілеттілігін арттыру, студенттердің әрекеттену жылдамдығын және күрделілік деңгейін бақылау, түпкілікті және аралық нәтижелерді бақылау болып табылады.

Компьютерді оқу әрекетінде қолданудың негізгі нұсқалары: дидактикалық материалды жасақтау, дайын бағдарламалық құралдарды қолдану, оларды студенттер мен оқытушылардың өздері дайындауы.

Сонымен қатар ақпаратты технологияларды меңгеру деңгейі әр түрлі: оқытушының жай жұмыс дағдыларынан бастап, жоғары дәрежелі тұтынушының деңгейіне дейін. Меңгеру деңгейі неғұрлым жоғары болса, педагогтың түпкілікті өнімге қосатын үлесі соғұрлым жоғары болмақ, яғни ақпараттық құзыреттілігі өскен сайын оқытушы дайын электронды өнімді «тұтынушы» деңгейінен «жасақтаушы» деңгейіне көшеді.

Электронды материалдарды пайдаланудың әр түрлі тәсілдерін қарастырып көрейік.

1. Электронды кестелерді қолдану. Атап айтқанда, информатикамен кіріктірілген сабақтарда электронды кестелерді пайдалана отырып, Excel электронды кесте редакторының көмегімен графиктер тұрғызуға болады.

2. Интерактивті тақтаны қолдану. Оның көмегімен оқыту әдеттегі білім беру әдістеріне ұқсамайды, алайда сабақты оңтайлы өткізу негіздері бір. Интерактивті технологияларды пайдалану тиімділігі оқытушының өзіне, оның тақта мүмкіндіктерін қалай пайдаланатынына, студенттер мен өзіне қалай жол ашатынына байланысты.

Оқытушының сабақта ИТ (интерактивті тақта) қолданып, жұмыс істеуінің негізгі формалары: дайын материалдарды көрнекі түрде ұсыну немесе толықтыру, студенттердің өзіндік жұмыстарының нәтижелерін көпшілік талқысына салу, алдын ала дайындалған материалдар (тест, сызбалар, суреттер) бойынша бақылауды ұйымдастыру.

3. Таныстырылымдар жасау. Бұл студенттер мен оқытушының арасында ақпараттық технологияны қолданудың кең таралған тәсілі. Сабақта оны қолдану артықшылықтары мынадай: студенттерге алдын ала тексерілген мәтін беріледі, оған сызбалар, суреттер, фотосуреттер, анимация әсерлері оңай кіріктіріліп отырады. Сауатты құрылған таныстырылым сабақты өнімді өткізуге мүмкіндік береді. Алдын ала дайындалған бірізді қадамдық материал сабақтың жылдамдығына әсер етіп, әрбір аралық қадамға оралуға мүмкіндік береді. Егер таныстырылымға бірегей, стандарт емес материал енгізілетін болса, ол студенттер үшін қосымша білім көзі болып табылады, оларды өз бетімен зерттеулер жүргізуге, жаңа ақпаратты іздеуге итермелейді.

4. Электронды оқулықтар, құралдарды пайдалану. Электронды оқулық оқу ақпаратының мультимедиялық қайнар көзі болып табылады, ол оқытушыны толығымен немесе жартылай алмастыра алады. Компьютерлік оқулық студенттің әр «жегістігі» мен «олқылығын» есінде ұстайды.

Тестпен жұмыс істегенде дұрыс және бұрыс жауаптар белгіленеді, тақырыптарды өтуді автоматты түрде қадағалау мен тексеру жұмыстарының қызметі іске қосылған.

Электронды оқулықты үйде де қолдануға болады: өз бетімен тақырыпты талдап, материалды бекітіп тапсырма жаттықтырғышымен жұмыс істеп, өзін-өзі тексеруге мүмкіндік береді.

АКТ қолдану арқылы пәнді оқыту тиімділігі артады. Ақпараттық технологиялар ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, оқу іс-әрекетінің нұсқалылығының мүмкіндіктерін кеңейтіп, студентті белсенді және тең құқылы қатысушы деп қарайтын білім беру жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Мұның мынадай қосымша артықшылықтары да бар: уақыттың үнемделуі, көрнекілігі, бейнелілігі, материалды ұсыну түрлерінің тез алмасып отыруы, олардың электронды түрде жинақталып, сақталуы.

Ақпараттық технологияларды қолданып өтетін сабақтар саны артқан сайын студенттердің ақпараттық мәдениеттілігі жоғарылап, АКТ білім беруші және кіріктірушілік маңызын түсіне бастайды, оқуға түрткі болады. Бұл студенттердің танымдық үрдісін белсендіріп, ойын (кеңістіктік, алгоритмдік, түйсіктік, шығармашылық, теориялық) дамытады, оңтайлы шешім табу, эксперименттік-зерттеушілік іспен айналысу біліктілігін қалыптастырады, оқу үрдісінің нәтижелілігін көтереді.

Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Болашақ мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда келесі қағидалар негізге алынған:

- вариативтілік — әрбір білім беру қызметкерлерінің жасақтаған материалдарына сәйкес біліктілікті көтеру жүйесін бағыттайды;
- болашаққа негізделген — күтілетін нәтижені анықтайтын кезеңдік бағдарламалардың бағытын орнықтырады және жеке тұлғаға бағытталған курстың жалпылама мақсатын анықтайды;
- рефлексивті-креативті — жаңа ақпараттық технологияларды меңгерту білімдерін ұйымдастыруда курстың бағыты даралық-шығармашылық негізге бағытталуы қажет;
- эргономикалық — нақтылы мәселелерді үйренуге қажетті уақыт мөлшері талап етіледі;
- ізгіліктілік — бейімделген оқыту жүйесін құруды талап етеді, біліктілікті көтеру жүйесінің құрылымы мен нақтылы нәтижесін анықтау;
- тәжірибеге бағытталған — оқыту көздерінің бірі ретінде оқытушылардың тәжірибесін қолдану ой-пікірі жүзеге асырылады және нақтылы іс-әрекеттер бойынша тыңдаушылардың танымдық үдерістерінің өзара байланыстылығы мен олардың жеке тұлға ретінде қалыптасу деңгейі анықталады;
- жекелеген кеңес беру — тыңдаушыларға кеңес беру ұсынылады. Ол мына бағытта жүргізіледі: әрбір тыңдаушының өзіндік ерекшелігін ескере отырып, қойылған нәтижелерге жетуге байланысты игерілетін мәселелердің мазмұны мен оған қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдердің болуы.

Жалпы алғанда ақпараттық технологиялар «адамның компьютер жүйесіне интеллектуалдық кірігуі кезіндегі ақпаратты өңдеудің модельдері, әдістері мен бағдарламалық құралдарының жиынтығы» деп қарастырылады [1].

Елдің кадрлық өзегін қалыптастырып, дамытатын маңызды іргелі салаға білім саласы жататыны белгілі, олай болса оны ақпараттандыру бірнеше жылдар қатарынан қарқынды жүріп келеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- қолданыстағы білім беру технологияларының (мысалы, бейнелі дәрістер, компьютерлік практикум, виртуалдық семинарлар, тақырыптық желілік форумдар, конференциялар технологиялары, электронды тест т.б.) жетілген аппараттық-бағдарламалық қамсыздығы болып табылады;
- қолданыстағы білім беру технологияларының жаңа сапалы деңгейге көшуін қамтамасыз етіп, жаңа формалардың дүниеге келуіне түрткі болады (мысалы, кіріктірілген электронды курстар, қашықтан оқыту);
- студенттер келешек кәсіби іс-әрекеті үшін жаңа ақпараттық технологияларды меңгерудің қаншалықты маңызды екенін түсініп, оқу-білім саласындағы оқу іс-әрекетінің эмоциялық-құндылықты бағасы артады;
- болашақ мамандардың кәсіби және ақпараттық құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастырып, қоғамның дамуындағы қазіргі заманға лайық кезеңді қамтамасыз етеді.

Ақпараттық қоғамға көшу кәсіби білімнің жаңа модельдерін құрумен байланысты, яғни АКТ құралдарын белсенді пайдалану көзделеді. Ақпараттық қоғамдағы оқу — бұл белсенді үрдіс, ондағы білім алушылар оқытушы ұсынған білім ақпаратын өз беттерімен ұғынып алады, оқыту «білім алушылардың мықты тұстарына», яғни олардың қасиеттеріне, қызығушылықтары мен мәдени деңгейіне, негізделеді.

АКТ құрамды бөліктері мыналар: ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, жергілікті және жаһандық электронды білім ресурстарының желілік қорлары, білім алушылардың жеке АКТ-ресурстары, әр түрлі тасымалдағыштардағы сандық сипаттағы білім ресурстары (соның ішінде кең жолақты арналар, сандық ТВ, жер серік және DVD), таныстырылым технологиялары, қашықтан оқыту технологиялары.

Осымен қатар электронды білім беру тұжырымдамасы (*elearning*) жасақталуда, ол білім алушылардың жаңа біліммен танысу және практикалық маңызы бар кәсіби дағдыларды қалыптастыру барысында АКТ қолдану арқылы әр түрлі әрекет түрлерімен айналысуын қарастырады [2].

Ақпараттық технологияларға жататындар: ЭЕМ, дербес компьютерлер, дыбыстық-бейнелі ақпаратты қолдану құралдары, жергілікті есептеуіш желілер, ақпаратты енгізу-шығару құрылғылары, қазіргі байланыс құралдары т.б.

Ақпараттық технологияларды қолдану және олардың дидактикалық мүмкіншіліктерін жүзеге асыру төмендегідей жаңа оқу әрекеті түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді:

- тұтынушының диалогтық, мәтін, бұйрық (сұраныс) алмасу және жауаптарды (шақырулар) жүзеге асыратын қарқынды диалогымен салыстырғанда компьютермен интерактивті түрде өзара әрекеттесуі;
- нақты нысандарды (оқу роботтарын, имитациялық ақпараттық жүйелерді т.б.) басқаруы;
- экранда көрсетілетін әр түрлі нысандардың, құбылыстар мен үрдістердің модельдерін басқаруы;
- студенттердің дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалануы;
- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.);
- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;
- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуалды орта және мультимедиа технология) пайдалану арқылы оқу үдерісінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- оқу іс-әрекетінің нәтижелерін автоматты түрде бақылау (өзіндік бақылау), бақылау нәтижелері бойынша түзетулер жасау, тестілеу.

Жаңа ақпараттық технологиялар негізінде әрекет ететін электронды оқу құралдарына жататындар: оқу мақсатындағы электронды құралдар, оқыту бағдарламалары, электронды тест жүйелері, ақпарат іздеу жүйелері, имитациялық жүйелер, модельдеуші бағдарламалық құралдар, көрнекілеуші және оқу-ойындық бағдарламалық құралдар [3].

Осы электронды құралдарды пайдаланғанда келесі дидактикалық мүмкіншіліктер ашылады: тұлғаның кәсіби маңызы бар қасиеттерін қалыптастыру, оқу материалын меңгеру деңгейін бақылау (өзін-өзі бақылау); анықтамалық материалдарды ұсыну, зерделеу мен ойлау жүйелері мен қабілеттерінің қалыптасуы, қоршаған орта үрдістерін бақайлауы, жобалай білуі, нақты кәсіби іс-әрекет кезінде туындайтын мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыру.

Қазіргі таңда білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың келесі бағыттары тиімді деп саналады:

- жоғарғы білім берудегі оқу үрдісіне сарапшылық оқыту жүйелерін қосу (СОЖ);
- білім субъектілерінің жергілікті және жаһандық компьютерлік желілердегі ақпараттық кеңістіктегі өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға арналған телекоммуникация құралдарын қолдану.

Білім саласында АКТ құралдарын қолдану негізі жүйелік көзқарас болып табылады, ол осы негіздегі білімнің ақпараттық міндеттерін шешу тиімділігін анықтайтын барлық маңызды факторларды табуға сүйенеді. Бұл көзқарастың арқауы сол — АКТ қолдану арқылы бір мақсатқа бағынған және бір ой жетегіндегі әрекеттердің келісімді жиынтығы қалыптасуы тиіс.

Жүйелік көзқарас, бір жағынан, АКТ негізінде қызмет ететін барлық ресурстарды кіріктіруді қарастырады. Екінші жағынан, АКТ білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ маманның тұлғасын кешенді дамыту құралы ретінде қабылдануы тиіс.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты — білім алушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер студент үшін оқу құралы, ал оқытушы үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде оқытушының және студенттің алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз ету керек.

Бүгінде біз жоғары білім беруді одан әрі ақпараттандырудың екінші кезеңіне көштік, ол мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді, мұнда әрбір студент ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, Интернет ғаламдық ақпарат желісін пайдалана алуы тиіс.

Алайда білім беру жүйесінде білімдік және ақпараттық технологияларды іс жүзінде үйлестіре қолдануда кемшіліктер кездеседі. Оның үстіне ақпараттық технологияның тез жаңаруы мәселені қиындата түседі. Жағдайды жақсарту үшін білім беру технологиялары мен ақпараттық қарым-қатынастық технологияларды кіріктіру қажет, сонда оқытушы өзі білетін, жақсы меңгерген, бейімделген техникалық құралдарды сабақта тиімді қолданады. Қазіргі технологияларды білім жүйесіне енгізгенде, оқыту материалдарының педагогикалық мазмұндылығы мен әркімнің өзінің үйренуіне жағдай жасаудың маңызы зор. Оқыту ісінің тиімділігі мен сапасы көбінесе өздігінен оқып үйрену процесін тиімді ұйымдастыру мен пайдаланатын материалдардың сапасына тәуелді болады.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үдерісі студенттің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде — өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашуы керек.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңыздылығын зерделей отырып, төмендегі нәтижелерге қол жеткізуге болатындығына көз жеткіземіз:

- жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- жаңа ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;
- біздің еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;
- мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуалдық зертханаларды және бақылау бағдарламаларын жасақтап, қамтамасыз ету;
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру және т.б.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Открытое образование — объективная парадигма XXI века / Под общ. ред. В.П.Тихонова. — М.: МЭСИ, 2000. — 288 с.
- 2 Романов А.Н. Технология дистанционного обучения в системе заочного экономического образования. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2000. — 303 с.
- 3 Яковлев А.И. Информационно-коммуникационные технологии в дистанционном обучении: Докл. на круглом столе «ИКТ в дистанционном образовании». — М.: МИА, 1999. — 148 с.

Ж.С.Кажиақпарова

Роль информационно-коммуникационных технологий в повышении эффективности современного высшего образования

В статье рассмотрены возможности использования информационно-коммуникационных технологий и их составных частей, взаимодействие локальных и всемирных компьютерных сетей в информационном пространстве. Показано, что в настоящее время внедрение информационных технологий в обучение, использование информационных технологий и реализация их дидактических возможностей в новых методиках обучения являются одними из важнейших направлений. Отмечено, что будущий специалист должен совершенствовать свои знания в этом направлении.

The possibilities of information and communication technologies and their elements usage, local and world-wide networks interaction in IT space are touched upon in this article. Nowadays IT implementation appears to be one of the essential trends in education. As long as IT and their didactic means are important to be realized in new methods of teaching, it's vital for future specialists to develop their knowledge in information and communication technologies.

УДК 004:378

О.А.Андреева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Об использовании интерактивных средств в обучении иностранному языку на неязыковых специальностях вуза

В статье предпринята попытка обоснования использования интерактивных средств в обучении иностранному языку на неязыковых специальностях вуза. Отмечено, что в соответствии с требованиями современного общества, ориентированного на конкурентоспособность будущих специалистов, возникает необходимость поиска новых педагогических технологий и решений, обеспечивающих интенсификацию познавательной деятельности студентов. Показано, что использование интерактивных средств обогащает содержание образовательного процесса, повышает мотивацию к изучению иностранного языка и способствует сотрудничеству преподавателя и студента, а также помогает правильно, эффективно и целенаправленно построить процесс обучения иностранному языку на неязыковых специальностях вуза.

Ключевые слова: интерактивные средства в обучении, неязыковые специальности, конкурентоспособность будущих специалистов, новые педагогические технологии, содержание образовательного процесса, требования современного общества, познавательная деятельность, процесс обучения иностранному языку, иноязычная компетенция студентов, мультимедийные учебные программы.

По мере вхождения Казахстана в мировое сообщество сразу в нескольких планах — экономическом, социальном и культурном — возрастает потребность в высококвалифицированных специалистах, владеющих иностранным языком на продуктивном уровне, обладающих широкой культурой труда и гибким мышлением. Будущий специалист должен научиться самостоятельно обновлять свои знания, расширять теоретический кругозор, думать, понимать и анализировать проблемы развития науки, связывать изучаемые явления в целостную систему, вскрывая закономерности, проводя параллели и выявляя противоречия.

При правильной организации интерактивные средства интенсифицируют процесс обучения, обеспечивают формирование глубоких знаний, выработку прочных умений и твердых навыков, а также вносят свой вклад в процесс воспитания будущего специалиста.

Интерактивные средства обучения (от англ. *interact* — взаимный, *act* — действовать) — средства, при которых возникает диалог, т.е. активный обмен сообщениями между пользователем и информационной системой в режиме реального времени [1; 12]. Они помогают осуществлять такую деятельность, как регистрация, сбор, накопление, хранение, обработка информации об изучаемых объек-